

Шымкент университеті

Презентация



Дайындаған Абдулхай Ж.


Группа ҚР-214

Қабылдаған _____

**Облигация (лат. obligatio – міндеттеме)
– бағалы қағаз...**



Иеленушісінің ақшалай қаражат салғанын куәландырады және шығарылым шарттарында басқа жәйттер көзделмесе, қарызгердің иеленушіге тіркелген пайызбен қоса осы бағалы қағаздың атаулы құнын күні бұрын көрсетілген мерзімде өтелуін міндеттейді.



Облигация қатаң түрде ерікті негізде таратылады және ішкі **мемлекеттік** және жергілікті қарыздар; кәсіпорындардың облигациялары түрлерінде шығарылады. Атаулы, ұсынушыға арналған, пайыздық, пайызсыз, еркін айналымды немесе шектеулі облигация болуы мүмкін. Олар болашақта нақты тауар өндіру (қызметтер көрсету, жұмыстарды орындау) кепілдігімен пайызсыз мақсатты облигация түрінде де шығарылады. Мұндай облигация **кәсіпорындар** мен халықтың арасында таратылады, олардың иесі осы облигация кепілдікпен шығарылған тауарларды сатып алуға, қызметтерді пайдалануға басым құқық алады

Облигация дегеніміз белгілі бір соманы қарызға алып жатқан эминент (мемлекет немесе компания) пен инвестордың келісімшартқа отыру барысында қолданылатын бағалы қағаз. Келісімшарт бойынша мезгіл сайын эминент облигация йемденушісіне пайыз түрінде пайда әкеліп отыруға, сонымен қатар облигация құнын атаулы мерзімге дейін өтеуге міндетті. Әдетте, облигацияларды мемлекет, жергілікті билік органдары немесе компаниялар қаржы тарту мақсатында шығарады.



Қазақстан нарығында облигациялар кеңінен таралмаған. Құнды қағаздардың артықшылықтары несиеге қарағанда көбірек болса да, банк мекемелері және қарапайым халықтың өзі көбінде несиені басты қаржы құрал ретінде қарастырады. Облигациялардың уақытында төленетініне, әрі қолдан-қолға қайта сатуға болатынына қарамастан қаржы мекемелерінің көбісі (ұлттық банктен басқа) облигациялармен сирек жұмыс істейді. Ал батыс елдері болса, облигациялардың артықшылықтарын жақсы пайдалана отырып, қарапайым адамдарға сатады. Дегенмен, Bloomberg ақпараттық жүйесін сүйенсек, халықаралық нарықта 540 қазақстандық облигациялар өнімін кездеседі: 97 өнім - валюталық (көбіне долларлық), 80 өнімге жуығы - инвестициялық класстағы облигациялар. Олар «Самұрық-Энерго», «[ҚазМұнайГаз](#)» ҰҚ, Сбербанк облигациялары, БРК, «[Қазақстан Темір Жолы](#)», «[Самұрық-Қазына](#)» Қазақстан иптекалық компаниясы, «Қазақстан инжиниринг» және тағы басқа ірі компаниялар.



Облигацияны йемдену үшін акция тәрізді биржаға қатысып брокердің көмегімен сатып алу керек. Ереже бойынша, облигация нарығында белгілі бір қаражат лимиті бар. Қазақстанда көбінесе акциямен жұмыс істейді, сондықтан облигациямен сауда жүргізу туралы ақпарат аз және сатып алу кеңінен таралмаған.

Бағалы қағаздар нарығының көрсеткіштері бойынша, Қазақстанның мемлекеттік облигацияларының долларлық табыстылығы 2020 жылға дейін өтеу мерзімімен орта есеппен 4%, теңге табыстылығы - 7%, 2025 жылға дейін өтеу мерзімімен долларлық - 5,5, теңгелік - 6,2 %.

